ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СУД КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120014, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29, тел: +7 (7242) 55-98-51;
факс: +7 (7242) 55-98-51; email: 110202@sud.kz

120014, Кызылординская область, город Кызылорда, улица Айтеке би, 29, тел: +7 (7242) 55-98-51;
факс: +7 (7242) 55-98-51; email: 110202@sud.kz

18.03.2024 № 4360-24-5-29/4067

№4360-23-00-2/1315

Қызылорда қаласы әкімдігінің
«Қызылорда қаласының Қызылөзек
ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ

Талап қоюшы Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Қызылөзек ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «АйкоСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы азаматтық ісі бойынша заңды күшіне енген шешім көшірмесі орындау үшін жолданады.

Тіркелді: заңды күшіне енген шешім көшірмесі – парақта.

Судья **Н.Еламанов**

Орынд.: Алтынбаева Л.Ж.
тел.: *8-7242-55-98-65, 724-2466@sud.kz*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛӨЗЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
КІРІС № 126
26 » 03 20 24 ж.

4360-24-5-29/4067 18.03.2024

Құжатты жасаған: АЛТЫНБАЕВА Л.Ж., 8-7242-55-98-62, 724-2466@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: ЕЛАМАНОВ Н.Б., 18.03.2024 21:10

ҚР Жоғарғы соты. Тарапқа ДЖ ЭҚК тексеру нәтижесі он

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 31 қаңтар №4360-23-00-2/1315 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Н.Б.Еламановтың,
хатшылықта Л.Ж.Алтынбаева болып,
мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Қызылөзек ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«АйкоСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАП МӘЛІМДЕМЕЙТІН ТАЛАП ҚОЮШЫ ЖАҒЫНДАҒЫ ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«Қызылорда Нур Строй Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Э.А.Пернебек
талап қоюшының өкілдері С.Н.Әбдіжаппар, К.А.Досанов

1.
1.1.
1.2.
1.3.
1.4.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Орындаушы) 2023 жылдың 10 сәуірінде №28 құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 08.02.2024
Заңды күшіне енген күні: 12.03.2024 Еламанов Н. Б., 13.03.2024

Шарттың 2.1, 3.1-тармақтарына және қосымшаларға сәй жауапкер жалпы сомасы 39 200 000 теңгеге Қызылөзек ауылдық окру Арғын көшесін орташа жөндеу (малта тас) (3,5 км) жұмыстарын шар аумақтық қазынашылық бөлімінде тіркелгеннен кейін 30 күнтізбелік күн ішінде орындауға міндеттенген.

Шарт қазынашылық органында 2023 жылдың 10 сәуірінде тіркелген, яғни жұмысты орындау мерзімі – 2023 жылдың 11 мамырына дейін.

2023 жылдың 2 тамызында шарт бір жақты бұзылған.

Талап қоюшы жоғарыда көрсетілген талап қоюмен сотқа жүгініп, жауапкер шарт бойынша міндеттемесін тиісінше орындамауына байланысты оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, 1 097 600 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру, жұмыстарды толық орындауды міндеттеу және Шартты бұзу туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Соттың 2023 жылғы 15 тамыздағы ұйғарымымен азаматтық іс жүргізу Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының №4360-23-00-2/1867 азаматтық іс бойынша қабылданған сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрылған.

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 21 қарашадағы шешімімен талап қоюшы «АйкоСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Қызылөзек ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне актіні жарамды деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылып, шарт бойынша 4 691 587 теңгеге 2023 жылғы 8 қарашадағы №1 атқарылған жұмыстарды қабылдау актісі жарамды деп танылған.

2024 жылдың 26 қаңтарында азаматтық іс жүргізу қайта басталған.

Соттың 2024 жылғы 31 қаңтардағы ұйғарымымен талаптың жұмыстарды толық орындауды міндеттеу және шартты бұзу бөліктері талап қоюшының арызына сәйкес қараусыз қалдырылды.

Жауапкер жазбаша пікірінде жөндеу жұмыстары жүргізіліп, аяқталу сатысына жақындағанын көрсеткен.

Талап қоюшының өкілдері С.Н.Әбдіжаппар, К.А.Досанов талап қоюда көрсетілген уәждерін айтып, талап қоюын қолдап толық қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер және үшінші тұлға сот отырысына уақыты тиісті түрде хабарланғанымен қосылмады, дәлелді себептерін хабарламаған, сотқа талап қоюшының талабына қарсы дәлелдемелерді ұсынбады және істі өздерінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған, сондықтан Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабы 4-бөлігінің негізінде сот істі жауапкердің және үшінші тұлғаның қатысуынсыз қарау мүмкін деп тапты.

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 08.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.03.2024 Сулы Еламанов Н.Б. 13.03.2024

Прокурор Э.А.Пернебек талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Шарттың 6.1-тармағына сәйкес, Жұмыс орындалды деп саналады Мердігердің Жұмыстарды осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға толық сәйкестікте Тапсырыс берушіге толық тапсырған жағдайда орындалды деп саналады.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер өз міндеттемесін толық орындамаған.

Жоғарыда анықталған жағдайда талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану талабы негізді.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2023 жылғы 7 маусымында жүгінген.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 8.3-тармағында жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші өнім беруші міндеттемелерін толық

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 08.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.03.2024 Сулья Еламанов Н. Б. 13.03.2024

4360-23-3-1/1421

орындамаған жағдайда өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алатыны қарастырылған.

Шарттың осы тармағына сәйкес, талап қоюшы 1 097 600 теңге тұрақсыздық айыбының сомасын дұрыс есептеген. Сотпен тексерілді.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 34 653 теңге өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

3

Талап қоюшы Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Қызылөзек ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «АйкоСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «АйкоСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі шарт бойынша міндеттемесін тиісінше орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «АйкоСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбы 1 097 600 (бір миллион тоқсан жеті мың алты жүз) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 34 653 (отыз төрт мың алты жүз елу үш) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Н.Б. Еламанов**
Көшірме дұрыс
Судья **Н.Б. Еламанов**

Анықтама: Шешім заңды күшіне 12.03.2024 жылы енді.

Судья **Н.Б. Еламанов**

Заңды күшіне енген күні: 12.03.2024 Гульга Еламанова Н.Б. 13.03.2024

0-23-3-1/1421